

Уолл-стрит қысым астында: инвесторлар инфляциялық тәуекелдер мен Ормуз бұғазы төңірегіндегі қақтығыс қаупін бағалауда...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
АҚШ			
S&P 500	7 387	▼ -0,26%	▲ 7,7%
NASDAQ	25 679	▼ -0,97%	▲ 10,5%
DJIA	50 872	▲ 0,17%	▲ 5,1%
CBOE Volatility Index (VIX)	20	▲ 5,02%	▲ 36,9%
Еуропа			
FTSE 100	10 227	▼ -1,41%	▲ 2,8%
DAX	2 092	▼ -0,84%	▲ 22,7%
Азия			
Hang Seng	24 566	▼ -0,37%	▼ -6,7%
Nikkei 225	64 773	▲ 1,17%	▲ 25,0%
Shanghai SE	4 010	▲ 1,28%	▼ -0,3%
Қазақстан			
KASE	7 727	▼ -0,04%	▲ 8,4%

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Information Technology	23 622 337 048 842	▼ -1,9%	▲ 7,1%	▲ 156,2%
Communication Services	11 871 635 302 559	▲ 0,5%	▼ -3,3%	▲ 39,0%
Financials	7 985 424 845 416	▲ 1,1%	▲ 1,1%	▲ 7,1%
Consumer Discretionary	6 628 701 528 665	▲ 1,9%	▲ 4,9%	▲ 7,1%
Industrials	5 590 181 312 205	▲ 1,7%	▲ 2,4%	▲ 24,3%
Health Care	5 593 566 995 879	▲ 2,2%	▲ 5,4%	▲ 11,6%
Consumer Staples	3 518 245 343 817	▲ 1,4%	▲ 1,3%	▲ 3,4%
Energy	2 098 141 103 124	▼ -1,6%	▼ -1,3%	▲ 37,5%
Utilities	1 358 542 025 933	▲ 1,1%	▼ -1,6%	▲ 11,2%
Materials	1 009 522 504 274	▲ 1,9%	▼ -3,2%	▲ 11,8%
Real Estate	1 219 133 096 559	▲ 2,2%	▲ 2,9%	▲ 5,1%


KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Қазақстан Халық Банкі	382	▲	▲ 2,7%
Банк ЦентрКредит	4 661	▼	▼ -1,4%
Kcell	3 227	▲	▼ -4,6%
"Казатомпром" ҰАК	35 572	▼	▲ 20,8%
КазТрансОйл	1 136	▲	▲ 17,7%
KEGOC	1 439	▲	▼ -7,1%
Kaspi.kz	40 700	▼	▲ 0,3%
"ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы	32 160	▼	▲ 46,7%
Эйр Астана	655	▼	▼ -42,6%
Қазақтелеком	40 750	▼	▼ -7,3%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	487,42	▲	▼ -3,8%
RUB/KZT	6,19	▲	▼ -3,3%
CNY/RUB	10,29	▼	▼ -6,3%
EUR/USD	1,1543	▲	▼ -1,5%

* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Сейсенбі күні АҚШ қор нарығындағы сауда-саттық негізгі индекстердің әртүрлі бағытта қозғалуымен аяқталды: S&P 500 индексі 0,26%-ға төмендеп, 7 386,65 тармақты құрады, Nasdaq Composite 0,97%-ға азайып, 25 678,82 тармаққа жетті, ал Dow Jones Industrial Average 0,17%-ға өсіп, 50 872,11 тармақ деңгейінде жабылды. Сауда барысында S&P 500 индексінің 11 секторының 9-ы өсім көрсетті. Ең жоғары өсімді Real Estate (+2,2%), Health Care (+2,2%) және Materials (+1,9%) секторлары тіркеді. Ал Information Technology (-1,9%) және Energy (-1,6%) секторлары төмендеді.

АҚШ қор нарығы алдыңғы сауда сессиясын негізінен теріс аумақта аяқтады. Индекстерге технологиялық сектордағы сатылымдардың қайта күшеюі және Ормуз бұғазы маңында америкалық әскери тікұшаққа қатысты оқиғадан кейін Таяу Шығыстағы геосаяси шиеленістің артуы қысым көрсетті. Сонымен қатар инвесторлар әлемнің ірі экономикаларында жарияланатын маңызды инфляциялық деректер қарсаңында сақтық танытты.


Нарықтағы алаңдаушылықты АҚШ президенті Дональд Трамптың Иран Ормуз бұғазын патрульдеп жүрген америкалық Арасче тікұшағын атып түсірді деген мәлімдемесі күшейтті. Трамп жауап шаралары қабылданатынын айтып, өңірдегі қақтығыстың одан әрі ұшығуы мүмкін деген қауіптерді арттырды және ұзақмерзімді бітімге қол жеткізу перспективасына күмән тугызды.

Инвесторлардың басты назары сәрсенбі күні жарияланатын мамыр айындағы инфляциялық көрсеткіштерге аударылған. Бұл деректер энергетикалық дағдарыстың әлемдік экономикаға әсерін және жетекші орталық банктердің алдағы ақша-кредит саясатына қатысты бағыттарын бағалауға мүмкіндік береді. Сарапшылардың болжамына, АҚШ-тағы жылдық инфляция 4%-дан асады, Жапонияда көтерме бағалар инфляциясы соңғы үш жылдағы ең жоғары деңгей – 5,5%-ға дейін жеделдейді, ал Қытайдағы өндірушілер бағасының индексі шамамен 4%-ға дейін көтеріледі.

Нарықтың көңіл-күйдің нашарлауы аясында технологиялық сектор қайтадан қысымға ұшырады. Алдыңғы күнгі қысқа мерзімді қалпына келуден кейін инвесторлар жоғары технологиялық компаниялардың акцияларындағы пайданы фиксациялауға кірісті. S&P 500 технологиялық секторының индексі сауда барысында 4%-дан астам төмендегенімен, күн соңына қарай шығындарының бір бөлігін өтеп, 1,9%-ға төмендеумен жабылды. Philadelphia Semiconductor Index индексі де күн ішінде 8,6%-ға дейін құлдырап, кейін ішінара қалпына келіп, сауда қорытындысы бойынша 1,9%-ға төмендеді.

Нарыққа қосымша әсер еткен факторлардың бірі АҚШ-тың Энергетикалық ақпарат басқармасының (EIA) деректері болды. Ведомство мәліметінше, әлемнің ірі экономикаларындағы коммерциялық мұнай қорлары кемінде 2003 жылдан бергі ең төменгі деңгейлерге жақындаған. Сонымен қатар EIA 2026 жылға арналған әлемдік мұнай сұранысы бойынша болжамын қайта қарап, бұрын күтілген өсімнің орнына сұраныстың төмендеуін болжады.

Геосаяси тәуекелдердің сақталуына қарамастан, мұнай бағасы айтарлықтай төмендеді. WTI маркалы америкалық мұнайдың бағасы 3,4%-ға төмендеп, бір баррель үшін 88,20 АҚШ долларын құрады. Brent маркалы мұнай 2,97%-ға арзандап, сауданы бір баррель үшін 91,45



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз"-тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз"-тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2026 ж.